

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым  
министрлігі

Қазақстан Республикасы Білім  
және ғылым министрінің м.а. 2021  
жылғы 6 қантардағы № 2  
бұйрығы. Қазақстан  
Республикасының Әділет  
министрлігінде 2021 жылғы 8  
қантарда № 22047 болып тіркелді

Министерство образования и науки Республики  
Казахстан

**«Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын  
және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қантардағы № 39 бұйрығына  
өзгерістер енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын  
және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім  
және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қантардағы № 39 бұйрығына  
(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып  
тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 21 шілдеде  
жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 13-қосымша осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес  
жана редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім туралы мемлекеттік үлгідегі  
құжаттарды беру қағидаларында:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Жоғары оқу орындарын 2021 жылғы 1 қантарға дейін бітірген  
түлектерге жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы мемлекеттік  
үлгідегі құжаттың телінүсқасы беріледі.»;

2-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:



«ЗКАИ» ШЖК РМК лауазымды тұлғаның ЭЦК мәліметі бар QR-код



КР НҚА ЭББ-гі накты  
құжатқа сілтеу QR-коды

«2-параграф. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсету тәртібі»;

33, 34 және 35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«33. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі беру ұйымдары (бұдан әрі – ТжКБ ұйымы) көрсетеді.

34. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқасын алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге «Азаматтарға арналған ұқімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе ТжКБ ұйымның қеңсесі немесе «электрондық ұқіметтің» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы ТжКБ ұйымы басшысының атына осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысанда немесе электронды нысанда осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш жолдайды.

35. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.»;

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«39. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның немесе ТжКБ ұйымның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.»;

41 және 42-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«41. Мемлекеттік корпорация тізілімнің екі данасымен қалыптастырылған өтініштерді (бар болған жағдайда құжаттар топтамасымен) ТжКБ үйымына кестеге сәйкес курьерлік және (немесе) пошта байланысы арқылы жібереді.

42. Қабылданған өтініштерді қоса берілген құжаттармен бірге ТжКБ үйымына жеткізу осы өтініштерді қабылдаған күні кемінде екі рет жүзеге асырылады.»;

44, 45, 46 және 47-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«44. ТжКОБ үйымының қызметкері құжаттарды түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

45. ТжКОБ үйымының қызметкерлері 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін дайындауды және техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттың телнұсқасын не бас тарту туралы дәлелді жауапты Мемлекеттік корпорацияға курьерлік және (немесе) пошта байланысы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей, ал портал арқылы өтініш берген жағдайда мемлекеттік қызмет нәтижесін алу орны көрсетілген білім туралы құжаттың телнұсқасының дайындығы туралы хабарлама не бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

46. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияны мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу орны ретінде көрсеткен жағдайда, ТжКБ үйымының қызметкерлері білім туралы құжаттың телнұсқасын Мемлекеттік корпорацияға курьерлік және (немесе) пошта байланысы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей жібереді.

47. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі туралы құжаттардың телнұсқаларын беру болып табылады.»;

52 және 53-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«52. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет ЖЖОКБҰ-мен көрсетіледі.

53. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқасын алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы)

көрсетілетін қызметті берушіге «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе «электрондық үкіметтің» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысанда немесе электронды нысанда ЖЖОКБҰ-ның басшысының атына осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш жолдайды.»;

60 және 61-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«60. Мемлекеттік корпорация тізілімнің екі данасымен қалыптастырылған өтініштерді (бар болған жағдайда құжаттар топтамасымен) ЖЖОКБҰ-ның кестесіне сәйкес курьерлік және (немесе) пошта байланысы арқылы жібереді.

61. Қабылданған өтініштерді қоса берілген құжаттармен бірге ЖЖОКБҰ-ға жеткізу осы өтініштерді қабылдаған күні кемінде екі рет жүзеге асырылады.»;

63, 64 және 65-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«63. ЖЖОКБҰ-ның қызметкері құжаттарды түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

64. ЖЖОКБҰ-ның қызметкерлері 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін дайындауды және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттың телнұсқасын не бас тарту туралы дәлелді жауапты Мемлекеттік корпорацияға курьерлік және (немесе) пошта байланысы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей, ал портал арқылы өтініш берген жағдайда мемлекеттік қызмет нәтижесін алу орны көрсетілген білім туралы құжаттың телнұсқасының дайындығы туралы хабарлама не бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

65. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияны мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу орны ретінде көрсеткен жағдайда, ЖЖОКБҰ-ның қызметкерлері білім туралы құжаттың телнұсқасын Мемлекеттік корпорацияға курьерлік және (немесе) пошта байланысы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей жібереді.»;

6, 7 және 8-тармақтар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
  - 3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Министрдің м.а.**

**III. Каринова**

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2021 жылғы 6 қаңтардағы  
№ 2  
бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 39 бұйрығына  
№ 13-қосымша

Нысан

**Екі тілде техникалық және кәсіптік білім туралы  
дипломға қосымша**

Приложение к диплому о техническом и  
профессиональном образовании (без диплома  
ТКБ № \_\_\_\_\_  
недействительно)

---

**(фамилия, имя, отчество (при его наличии))  
за время обучения с \_\_\_\_\_ года по \_\_\_\_\_ год в \_\_\_\_\_**

---

**(полное наименование организации образования) по специальности**

---

**(код и наименование специальности)**

---

**(код (-ы) и наименование квалификации (-й))  
показал (-а) \_\_\_\_\_ соответствующие знания и навыки по  
следующим дисциплинам и (или) модулям:**

	Количество	Итоговая оценка

№ п /п	Наименование дисциплин и (или) модулей	по балльно-рейтинговой буквенной си- стеме оценивания			по цифровой пятибалльной систе- ме оценивания
		ча- сов	кре- дит- тов	в %	

Заместитель руководителя по учебной работе \_\_\_\_\_

Руководитель учебной группы \_\_\_\_\_

М.П.

\*Примечание: графы заполняются с учетом применяемой в организации образования технологии обучения и системы оценивания.

**Техникалық және көсіптік білім туралы  
дипломға қосымша (ТКБ № \_\_\_\_ дипломсыз  
жарамсыз)**

**(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))**

жылдан бастап \_\_\_\_\_ жылға дейін

**(білім беру үйімінің толық атауы)**

**(мамандықтың толық атауы және коды)**

**(код (-тар) және біліктілік (-тер) атауы)**

**оқу барысында мынадай пәндер бойынша және (немесе) модульдер бойынша  
тиісті білімін  
көрсетті:**

№ р /б	Пәндер және (немесе) мо- дульдер атауы	Саны		Корытынды баға		
		са- фат- тар	кре- дит- тер	балдық–рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша		цифрлық бес балдық бағалау жүйесі бойынша
				%	әріптік	балдық

Басшының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары \_\_\_\_\_

Оқу тобының жетекшісі \_\_\_\_\_

М.О.

\*Ескертпе: бағандар білім беру үйімінде қолданылатын оқыту технологиясы мен бағалау  
жүйесін ескере отырып толтырылады

**Қазақстан Республикасы**  
**Білім және ғылым министрінің**  
**2020 жылғы** \_\_\_\_\_  
**бүйріғына 2-қосымша**

**Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды  
беру қафидаларына  
6-қосымша**

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телінұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары (бұдан әрі – ТЖКБ үйымдары)
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру: 1) ТЖКБ үйымдарының кеңесі; 2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация); 3) «www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға немесе ТЖКБ үйымына немесе порталға құжаттарды тапсырган сәттен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні; 2) Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсыру үшін күтудін рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут; 3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық (ишінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телінұсқасы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық/қағаз түрінде. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілінің) көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін сұрау салуда көрсетілген Мемлекеттік корпорацияның мекенжайы бойынша алады. Мемлекеттік корпорация 1 (бір) ай ішінде құжаттарды сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті алушыға одан әрі сақтауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткен соң жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібіреді.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алышынан төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде жеке тұлғаларға көрсетіледі
7	Жұмыс кестесі	

		<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке құндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-га дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-га дейін, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес.</p> <p>Отініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-га дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.30-га дейін жүзеге асырылады;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке құндерін қоспағанда, дүйсенбі - сенбі аралығында, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.</p> <p>Құжаттарды қабылдау көрсетілетін қызмет алушының таңдауы бойынша «электронды» кезек тәртібінде, не жеделдетіп қызмет көрсетусіз «электронды үкімет» веб-порталы арқылы электронды кезекті броньдау жолымен жүзеге асырылады;</p> <p>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке құндерінде жүгінген кезде отініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс құнінде жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің: <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a> интернет-ресурсында;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның: <a href="http://www.gov4c.kz">www.gov4c.kz</a> интернет-ресурсында;</p> <p>3) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> порталында.</p>
8	Мемлекеттік қызметті көрсету-ге қажетті құжаттар тізімі	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің көнсесіне немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:</p> <p>1) құжатын жоғалтқан немесе бұлдірген білім алушының немесе кәмелет жасқа толмаган баланың ата-анасының (занды өкілінің) ТжКОБ үйімі басшысының атына оның мән-жайы баяндалған осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес өтініші;</p> <p>2) білім алушының туу туралы куәлігі немесе жеке куәлігі (паспорты) (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);</p> <p>3) тері (аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген және білім туралы құжат бүлінген жағдайда білім беру туралы құжаттың түпнұсқасы қоса беріледі).</p> <p>Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті Мемлекеттік корпорацияның қызмет-кери «электрондық үкімет» шілозі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады және оны көрсетілетін қызметті берушігे жолдайды.</p> <p>порталда:</p> <p>көрсетілетін қызметті алушының электронды цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған немесе порталдың есептік жазбасына көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы ұсынған, абоненттік нөмірі қосылған және тіркелген жағдайда, бір рет қолданылатын парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Қағидалардың 5-қосымшага сәйкес техникалық және көсіптік білім беру үйімінің басшысының атына өтініш.</p>
9	Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бастарту үшін негіздер	Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорация немесе негізгі орта және жалпы орта білім беру үйімінің қызметкері өтінішті қабылдаудан бастартады және осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бастарту туралы қолхат береді.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық түрде және Мемлекеттік корпорация	Өз-өзіне қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, бағдар жасау қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылардан 1414, 8 800 080 7777 бірынғай байланыс орталығы арқылы жүргінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар қабылдауды қөрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бара отырып, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жүргізеді.

арқылы көрсету ерекшеліктері  
ескеріле отырып қойылатын  
өзге де талаптар

Электрондық цифрлық қолтаңба бар болған жағдайда қызмет алушы мемлекеттік қызметтің  
электронды түрде портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі тура-  
лы ақпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық қызметтерінің байланыс телефондары Мини-  
стріліктің [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz) және бірыңғай байланыс орталығының [www.egov.kz](http://www.egov.kz) интернет-  
ресурстарында орналастырылған.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы \_\_\_\_\_ бүйрекіна З-  
қосымша

Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды  
беру қағидаларына  
7-қосымша

---

/жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан  
кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі -  
ЖЖОКБҰ) басшысының тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда) толық/

---

/тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)  
толық/

/тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)  
ағылшын тілінде толық/

/тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)  
өзгерген жағдайда/

/мамандығы (білім беру бағдарламасы) атауы/

/мамандығы (білім беру бағдарламасы) бойынша

/ЖЖОКБҰ бітірген жылы/

---

/көрсетілетін қызметті алушының байланыс  
деректері/

---

/ ЖЖОКБҰ атауы және мекенжайы, өзгерген  
жағдайда/

Нысан

### **Отініш**

Маган \_\_\_\_\_

/ себебін көрсету/

\_\_\_\_\_ байланысты дипломның телнұсқасын (косымшасымен бірге  
дипломның телнұсқасын, дипломның телнұсқасын, косымшаның телнұсқасын) беруінізді  
сұраймын.

Акпараттық жүйelerde қамтылған «Дербес деректер және оларды қорғау туралы»  
2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Занымен күпия қорғалатын  
мәліметтерді қолдануға келісемін.

«\_\_\_\_» 20 \_\_ ж.  
\_\_\_\_\_ /қолы/

Ескертпе: мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының тегі, аты, экесінің аты (бар  
болған жағдайда) жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес баспа әріптермен  
толтырылады

**Қазақстан Республикасы**  
**Білім және ғылым министрінің**  
**2020 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығына**  
**3-қосымша**

**Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды  
беру қағидаларына**  
**8-қосымша**

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атаяуы	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетеуге өтініштерді қабылдау және нәтижелерін беру:</p> <p>1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация);</p> <p>2) «электрондық үкіметтің» <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.</p>
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	<p>1) көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға немесе порталға құжаттарды тапсырган сәттен бастап жалпы қараша мерзімі – 15 жұмыс күні;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ен үзак үақыты – 15 минут;</p> <p>3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ен үзак үақыты – 15 минут</p>
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі	<p>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың телнұсқасы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жарап.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.</p> <p>Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты (немесе оның өкілі көрсетілетін қызметті алушының нотариалды куәландырылған сенимхаты бойынша) көрсеткен кезде жүзеге асырылады.</p> <p>Портал арқылы жүтінген кезде мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін сұрау салуда көрсетілген мекенжайы бойынша алады.</p> <p>Мемлекеттік корпорация 1 (бір) ай ішінде құжаттарды сактауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті алушыға одан әрі сактауға береді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткен соң жүтінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібіреді.</p>
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының Занында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде жеке тұлғаларға көрсетіледі
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса ал-</p>

		<p>ғанда, сағат 13.00-ден 14.30-га дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-га дейін, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-га дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.30-га дейін жүзеге асырылады;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін коспағанда, дүйсенбі - сенбі аралығында, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.</p> <p>Құжаттарды қабылдау көрсетілетін қызмет алушының таңдауы бойынша «электронды» кезек тәртібінде, не жеделдетіл қызмет көрсетуіз «электронды үкімет» веб-порталы арқылы электронды көзекті броньдау жолымен жүзеге асырылады;</p> <p>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді коспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінде жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің: <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a> интернет-ресурсында;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның: <a href="http://www.gov4c.kz">www.gov4c.kz</a> интернет-ресурсында;</p> <p>3) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> порталында.</p>
8	Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізімі	<p>Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:</p> <p>1) Қагидаларға 7-қосымшага сәйкес нысан бойынша ЖЖОКБҰ басшысының атына көрсетілетін қызметті алушының немесе оның өкілінің (көрсетілетін қызметті алушыдан нотариалды куәландырылған сенімхат) өтініші;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіле迪);</p> <p>3) тегі (аты, экесінің аты (болған жағдайда) өзгерген және білім туралы құжат бүлінген жағдайда білім туралы құжаттың түпнұсқасы қоса беріледі.</p> <p>Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады және оны көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.</p> <p>портауда:</p> <p>көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық колтаңбасымен куәландырылған немесе порталдың есептік жазбасына көрсетілетін қызметті алушының ұлғы байланыс операторы ұсынған, абоненттік нөмірі қосылған және тіркелген жағдайда, бір рет қолданылатын парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Қагидалардың 7-қосымшага сәйкес ЖЖОКБҰ басшысының атына өтініш.</p>
9	Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) колданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қагидаларға 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.</p>
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық түрде және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Өз-өзіне қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, бағдар жасау қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылардан 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүтіну кезінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар қабылдауды көрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бара отырып, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жүргізеді.</p> <p>Электрондық цифрлық колтаңба бар болған жағдайда қызмет алушы мемлекеттік қызметті электронды түрде портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.</p>

Көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz) және бірынғай байланыс орталығының [www.egov.kz](http://www.egov.kz) интернет-ресурстарында орналастырылған.